

**Семей қаласы мәслихатының "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" "2016 жылғы 25 ақпандағы № 50/276-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 46/306-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 6423 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 54/394-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 17.07.2020 № 54/394-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Семей қаласы мәслихатының "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібінің қосымша ережелері туралы" 2016 жылғы 25 ақпандағы № 50/276-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4447 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспе бөлімі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Семей қаласының маслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

осы шешімнің қосымшасының 2-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

Митингілер мен жиналыстарды өткізу орындары:

"Ажалдан да күшті" монументіне іргелес оң жақтағы (Биологиялық орталық жағынан) алаң;

М. Әуезов атындағы алаң;

Жамақаев көшесіндегі Ленин ескерткіші жанындағы саяжол (аллея);

Абай атындағы алаң;

орталық алаң;

бұрынғы көлік жөндеу зауыты (Мелькомбинат аумағы);

"Энергетик" шағын ауданы ("Семей-Водоканал" КМК аумағы).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*Б. Акжалов*